

Маңғыстау облысында ана мен бала денсаулығын қорғаудың 2004-2006 жылдарға арналған Аймақтық бағдарламасы туралы

Маңғыстау облысы мәслихатының 2004 жылғы 30 маусымдағы N 6/81 шешімі. Маңғыстау облыстық Әділет Департаментінде 2004 жылғы 5 тамызда N 1732 тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Қазақстан Республикасы заңының 6-бабы 1-тармағының 1) тармақшасына сәйкес облыстық мәслихат **шешім етті:**

1. Маңғыстау облысында ана мен бала денсаулығын қорғаудың 2004-2006 жылдарға арналған Аймақтық бағдарламасы бекітілсін (қоса беріліп отыр).
2. Осы шешім жарияланған күннен бастап күшіне енеді.

Сессия төрағасы

Облыстық

мәслихаттың хатшысы

"Маңғыстау облысында ана мен бала денсаулығын қорғаудың 2004-2006 жылдарға арналған Аймақтық бағдарламасы" облыстық мәслихатының 2004 жылғы 30 маусымдағы

N 6/81 шешімімен бекітілді

МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫНДА АНА МЕН БАЛА ДЕНСАУЛЫҒЫН ҚОРҒАУДЫҢ 2004-2006 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН АЙМАҚТЫҚ БАҒДАРЛАМАСЫ

Бағдарламаның мазмұны

1. Ана мен бала денсаулығын қорғаудың қазіргі жағдайын талдау.
2. Бағдарламаның мақсаты мен міндеттері.
3. Бағдарламаның негізгі бағыттары мен жүзеге асыру тетіктері.
4. Керекті ресурстар мен қаржыландыру көздері.
5. Бағдарламаны іске асырудан күтілетін нәтижелер.
6. Бағдарламаны іске асырудың іс-шаралар жоспары.

Бағдарламаның паспорты

Атауы Маңғыстау облысында ана мен бала денсаулығын қорғаудың 2004-2006 жылдарға арналған Аймақтық бағдарламасы

Өзірлеудің негізі Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 4 сәуірдегі "Қазақстан Республикасының 2010 жылға дейінгі стратегиялық даму жоспары туралы" Жолдауы, "Халық денсаулығы" Мемлекеттік бағдарламасы, 2003 жылғы 10 қазандағы "Қазақстан Республикасында ана мен баланы, отбасын қорғаудың заңнамамен

қамтылуы мәселелері" бойынша парламенттік тыңдаудың облыс әкімдеріне ұсыныстары. Қазақстан Республикасы Президентінің "Бәсекеге қабілетті Қазақстан үшін, бәсекеге қабілетті экономика үшін, бәсекеге қабілетті халық үшін" атты 2004 жылғы 19 наурыздағы Жолдауы

Негізгі әзірлеуші Маңғыстау облыстық денсаулық сақтау басқармасы

Мақсаты Бағдарламаның негізгі мақсаты - ана мен баланың денсаулығын сақтауға жағдай жасау және салааралық және бірлесіп қызмет көрсету арқылы сапалы медициналық көмек көрсету

Міндеті Бағдарламаны жүзеге асыру тетігі мен оларды орындаудың мониторингісін жасау

Жүзеге асыру тетіктері Аймақтық ерекшеліктерді ескеріп, ана мен баланың денсаулығын қорғауға жағдай жасайтын нормативтік-құқықтық актілер мен директивтік құжаттарды дайындау және қабылдау

Қаржыландыру көздері Жергілікті бюджет

Күтілетін нәтижелер Бағдарламаны жүзеге асыру тек қана ана мен баланың денсаулығын ғана емес, сонымен бірге бүкіл облыс тұрғындарының денсаулығын жақсартуға жағдай туғызады

Орындаушылар Облыстық, қалалық, аудандық әкімдіктер, облыстық денсаулық сақтау басқармасы, облыстық білім беру басқармасы, облыстық санитарлық эпидемиологиялық қадағалау департаменті

Іске асыру мерзімі 2004-2006 жылдар

КІРІСПЕ

Қазақстан Республикасының " Қазақстан-2030 " даму стратегиясымен мемлекетіміз азаматтардың денсаулығы мен тұрмысын жақсартуды ұзақ мерзімді басым бағыттарының бірі ретінде анықтады.

Тұрғындардың денсаулығы - ұлттық қауіпсіздіктің, экономикадағы тұрақтылықтың, Қазақстандағы әлеуметтік өмірдің негізі құрамы болып табылады.

Адамзат дамуының барлық кезеңдерінде ана мен бала өмірдің негізгі құндылықтарының қатарынан орын алып келеді. Неке және отбасы, ана және әке Қазақстан Республикасының негізгі Заңымен Үкіметтің қорғауына ие.

Алайда, 90-жылдардағы жалпы экономикалық күйзеліс тұтастай әлеуметтік салаға, отбасы, аналар мен балалардың жағдайына теріс әсер етті.

Қазақстанның балалары бейбітшілік, тұрақтылық жағдайда өсіп келеді, басқа елдердегідей біздің балалар босқындықты көрген жоқ, оларды әлеуметтік қорғауға, отбасын тұтастай сақтауға, сүйемелдеуге шаралар қолданылуда. Біздің балалар білім а л у д а .

Тәуелсіздік жылдарында Қазақстан Республикасында отбасын, ана мен баланы қорғау мәселелеріне бағытталған көптеген жұмыстар жасалды; экономика және

қаржыландырудың мүмкіншіліктерін есептеп, тиісті бағдарламаларға сәйкес, денсаулық сақтаудың, білім алудың, әлеуметтік қорғаудың салалары қаржыландырылуда, заңнамалық базаның негізі жасақталған.

Қазақстан Республикасы дамуының 2010 жылға дейінгі стратегиялық жоспарында тұрғындардың репродуктивтік денсаулығын қорғауға, репродуктивтік жағдайын калпына келтіруге, теріс демографиялық беталысты түзетуге бағытталған іс-әрекеттер ұсынылып, әйелдердің мәртебесін нығайту, еліміздің саяси, әлеуметтік, экономикалық дамуында олардың ерлермен қатар белсенді рөлін мойындай отырып, басымдылықтары белгіленген;

еліміздегі тұрғындар санының табиғи өсу жолымен және көші-қон процессі арқылы көбейі;

отбасын жоспарлау;
ана мен баланы қорғау;

2003 жылдан бастап, әйелдерге бала босанғанда айлық есепті көрсеткіштің 15 еселік мөлшерінде біржолғы жәрдемақы төлеу басталды.

Соңғы жылдарда әйелдер мен балаларды қорғауға, демография саясатының мәселелеріне көп көңіл бөлінуде. Осының нәтижесінде ана мен бала өлімінің көрсеткіштері азайды, негізгі демографиялық көрсеткіштердің өсуі байқалуда.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Қазақстан Республикасы үкіметінің кейбір қаулыларының күшін жою туралы 2003 жылғы 14 ақпандағы N 159 қаулысымен Қазақстан Республикасы Үкіметінің" Қазақстан Республикасында 2001-2005 жылдарда ана мен баланы қорғаудың бағдарламасын бекіту туралы" 2001 жылғы 14 мамырдағы N 630 қаулысы күшін жойды (СААП Қазақстан Республикасы, 2001 жыл, 224-бет).

Мемлекеттік саясатты жүзеге асыруды күшейту мақсатында және ана мен баланың денсаулығын қорғауда нақты шаралар қабылдау үшін, облыс тұрғындарының денсаулығын жақсартуда жетістіктерге жету үшін Маңғыстау облысындағы ана мен бала денсаулығын қорғаудың 2004-2006 жылдарға арналған Аймақтық бағдарламасы әзірленді.

1. Ана мен бала денсаулығын қорғаудың қазіргі жағдайын талдау

1990-жылдардағы халықтың әл-ауқатының төмендеуі, білімге, алғашқы медициналық-санитарлық және әлеуметтік көмекке мемлекеттік қаржының қысқаруы, ең алдымен, әйелдер мен балаларға кері әсерін тигізді.

Соңғы жылдары облыс тұрғындарының демографиялық көрсеткіштерінің белгілі шамада жақсарып келе жатырғанын көруге болады.

Біздің облыс басым көпшілігін қала тұрғындары құрайтын облыстар қатарына жатады.

2003 жылдың қорытындысы бойынша барлық тұрғындардың 77% қалада, тек қана 23% ауылдарда тұрады. Жас шамаларына қарағанда - балалар 33%, республика

бойынша олар-31,2% құрайды, бала көтеретін жастағы әйелдер- 859,73 немесе 24,7%.

Облыстың демографиялық көрсеткіштерінде 90-жылдары басталған туу көрсеткіштерінің төмендеуі қазіргі кезде тұрақталып келеді. Біздің облыс Қазақстан Республикасындағы дәстүрлі туу деңгейі жоғары аймақ болып табылады.

Маңғыстау облысы бойынша 1991-2003 жылдардағы туудың көрсеткіштері

Облыс бойынша он жылдың ішінде (1991-2001ж.ж.) бала туу 50%-ке азайды. Туу динамикасына сәйкес табиғи өсудің деңгейі азаюға бағыт алуда. Егерде 1991 жылы 1000 тұрғынға шаққанда, табиғи өсудің көрсеткіші 18,6 болса, 2003 жылы табиғи өсудің бұл көрсеткіші -13,7, ал республикалық көрсеткіш - 4,7.

Облыстағы сәбилер өлімінің динамикасын бағалай келіп, соңғы жылдары бұл көрсеткіштің азаюға бағыт алғандығын атап өтуге болады.

Маңғыстау облысында сәбилер өлімінің 1991-2003 жылдардағы салыстырмалы көрсеткіштері.

1 жасқа дейінгі балалар өлімінің себептерінің ішінде олардың перинаталдық кезеңдеріндегі әртүрлі аурулардан шетінеуі бірінші орын алады. Балалардың 7-күнге жетпей өлу себебі - анасының денсаулығына байланысты. Екінші орында - балалардың туа біткен дерттерінен өлуі (жүрек дамуының кемістігі, жүйке жұмыстарынан, асқазан-ішек жолдарының өмірге жарамсыздығынан). Туа біткен ақауларға алып келген себептер әртүрлі болуы мүмкін, соның ішінде экологиялық факторлар да бар.

Жылдан жылға Ақтау және Жаңаөзен қалаларының ауалары ластануда. Тек қана бір Ақтау қаласының аймағында жалпы ауданы 7-шаршы км құрайтын 11 рұқсат етілмеген қоқыс төгу орны анықталған. Олар ең алдымен жерді ауыр металдармен (цинк, мыс, никель, қорғасын) бүлдіреді. Кейбір жерлерде молибденнің, ниобийдің, натрийдің жоғарғы шоғырлануы байқалған. Оның үстіне Ақтау қаласының төңірегінде ашық уран рудниктері бар. Олардан уран мен рудий жел және уақытша аққан жаңбыр сулары а р қ ы л ы т а р а й д ы .

Іштен туа біткен жүрек кемістіктеріне жыныс жолдарымен берілетін аурулардың да әсері бар. Үшінші орынды тыныс ағзаларының, оның ішінде өкпе қабынуы аурулары а л а д ы .

Бүгінгі таңда облыс бойынша әйелдер денсаулығының индексі 18% құрайды. Облыстағы аймақтық патологияға жүкті әйелдердің қаны аздығы жатады және ол 80,1% құрайды. (республика бойынша - 19,7%), екінші орында гестоз - 36,1%, (республика - 19,7%), қан айналымы ауруы - 10,1% (республика - 3,5%), қалқанша бездер қызметінің бұзылуы - 9,8%, (республика - 4,1%).

Орталық Азия елдері арасында еліміздегі аналар өлімінің деңгейі жоғары көрсеткіштер қатарында қалып отыр.

Облыс бойынша аналар өлімінің динамикасы (тірі туған 100000 сәбиге)

Қазақстанда денсаулық жылын өткізу шеңберінде және мектеп оқушыларына жүргізілген алдын-ала сауықтыру байқауының қорытындысы бойынша, барлық

тексерілген балалардың 30% аурулы болып шықты.

Облыстағы 12-18 жастағы балалар ауруының құрылымын талдағанда - бірінші орынды асқорыту аурулары - 21,6%, екінші орынды қан аурулары - 19,7%, үшінші орынды ішкі секреция қызметінің бұзылуы - 13,7 %.

Соңғы жылдары балалар әлеуметтік маңызды аурулармен, оның ішінде туберкулезбен көп ауыратын болды.

Ауылдық жерлерде жас балалар қаны аздықтан, психофизикалық даму деңгейінің кешеуілдеуінен, мешелдіктен зардап шегуде.

Денсаулықтарындағы ауытқушылықтарға байланысты жасөспірімдер өздерінің Ата Заңда қаралған азаматтық борыштарын өтей алмауда.

Көру, сөйлеу есту мүшелерінде және дене бітімінің өсуінде кемістіктері бар балалар саны өсуде. Жыл сайын мүгедек балалар көбейіп келеді, бүгінгі күні олардың саны 1 мыңға жақындады. Оларды оңалтуға, белсенді өмір сүруге тартуға ерекше қамқорлық к е р е к .

Балаларға және бала табатын жастағы әйелдерге санаторийлық және оңалту көмегін беретін орындар дағдарыс жағдайында. Облыста аталған сала бойынша санаторийлық о р ы н д а р ж о қ .

Күні бүгінде әйелдер мен балалардың денсаулықтары көп жағдайлар мен факторларға, оның ішінде әлеуметтік-экономикалық, экологиялық және басқа себептерге байланысты екені белгілі, оларды шешуде барлық мүдделі мемлекеттік және мемлекеттік емес ведомстволар мен басқармалардың бірігіп жұмыс жасауы керек е к е н д і г і д а у с ы з .

Осы жағдайларды ескере отырып, қазіргі уақытта ана мен баланың денсаулық жағдайын жақсарту үшін "Ана мен бала денсаулығын қорғау" бағдарламасын әзірлеп, жасақтау қажет.

2. Бағдарламаның мақсаты мен міндеттері

Аймақтық бағдарламаның басты мақсаты; бала мен ананың денсаулығын сақтап, жақсартуға жағдай жасау, ана мен балалардың арасындағы аурулардың алдын алу және азайту, мамандандырылған көмектің сапасын жақсарту, аналар мен балаларды оңалту және санаторийлық сауықтыру, облыстағы балалар мен бала босанатын ұйымдардың материалдық-техникалық базасын жақсарту.

Негізгі міндеттері:

балалар мен бала босанатын ұйымдардың материалдық, техникалық базаларын жақсартып, қазіргі таңдағы медициналық жабдықтармен қамтамасыз ету, жаңа құрылыстар салу, кереуеттер санын көбейту;

емдеу мен диагностиканың қазіргі заманғы әдістеріне сәйкес қайта дайындау арқылы медицина қызметкерлерінің кәсіби біліктіліктерін тұрақты жетілдіріп отыру;

емдеу - сауықтыру ұйымдары мен жергілікті басқару органдарының қызметтерінің сабақтастығын үйлестіріп, жақсарту;
әйелдер мен балалардың оңалту және санаторийлық орталықтарын ұйымдастыру.

3. Бағдарламаның негізгі бағыттары мен жүзеге асыру тетіктері

Бағдарламаны жүзеге асыру үшін оларды сатылы түрде орындайтын іс-шаралар жоспары әзірленді.

Бағдарламаның мақсатына жетудің негізгі бағыттары мен басымдықтары болып саналады;

әйелдер мен бала тұрғындарды тұрақты алдын-ала тексеруді реттейтін емдеу-диагностикалық көмектің сапасын жақсартуға бағытталған директивті құжаттар талалабын орындау;

жергілікті бюджеттің жобасын дайындағанда аналар мен балаларды қорғау бағдарламасын қаржыландырудың басымдығы;

аналар мен балалар денсаулығын қорғау ісінде, бағдарламаның басты мақсаттарын шешуге салааралық көзқарас;

бастапқы және арнаулы медициналық көмектің барлық деңгейі аналар мен балалар үшін қол жетерлік дәрежеде болуын қамтамасыз ету.

бала емізетін аналардың, екіқабат әйелдердің, балалардың құнарлы тамақтануын қамтамасыз ету;

мектепке дейінгі жастағы, мектептердегі, интернаттардағы, балалар үйіндегі және басқа орындардағы балаларды медициналық көмекпен қамтамасыз етуді жетілдіру; қатерлі топқа жататын аналар мен балаларды уақытында оңалтып, сауықтыру.

4. Қажетті ресурстар мен қаржыландыру көздері

Аймақтық бағдарламаны іске асыру 2004-2006 жылдары төмендегі қаржыландыру көздерінен жүргізіледі.

Республикалық бюджеттің қаражаттары;

Жергілікті бюджеттің қаражаттары;

Мемлекеттік емес ұйымдардың қаражаттары.

"Маңғыстау облысында 2004-2006 жылдары ана мен бала денсаулығын қорғау" Бағдарламасын жүзеге асыруға қажетті қаржы шығындарының шамасы:

Қаражат	2004 жыл	2005 жыл	2006 жыл
Республикалық бюджет			
Жергілікті бюджет	74197	729922	888659
Барлығы	74197	729928	888659

5. Аймақтық бағдарламаны жүзеге асырудан күтілетін нәтижелер

Бағдарламаны жүзеге асырудың нәтижесінде ана мен баланы қорғаудың басым бағытымен қаржыландыруы орнықты қалыптасқан жүйе түзіледі.

Ана мен баланың денсаулығын қорғау проблемаларын шешу келесі мәселелерді қарастырады :

аналар мен балалардың арасындағы ауруларды азайту, балалардың психо-физикалық дамуын жақсарту, облыс бойынша барлық тұрғындардың денсаулық жағдайларын жақсарту ;

аналардың, балалардың, сәбилердің арасындағы өлім деңгейін азайту; аналар мен балаларға көрсетілетін медициналық көмектің жалпыға бірдей қол жетерлік дәрежеде болуы ;

балалар мен әйел тұрғындарға санаторийлық және оңалту көмектерін дамыту; акушер-гинекологтардың, педиатрлардың, жалпы тәжірибедегі және басқа мамандықтар дәрігерлерінің аналар мен балаларды емдеуде қазіргі заманғы, шығыны аз, тиімді әдістерін тәжірибеге енгізуде кәсіби білік деңгейлерін көтеру; балалар мүгедектігін азайтуға жағдай жасау;

әйелдер мен бала тұрғындарға көмек көрсететін санаторий мен оңалту орталығын ашу ;

әлеуметтік жағдайы төмен, жергілікті жерден көмек алуға құқығы бар отбасылардың балалары мен аналарын сауықтыру;

отбасы мен қоғамның салауатты өмір салты туралы білімдерін тереңдету, балалар арасындағы аурулардың алдын алу, ананың репродуктивтік денсаулығын қорғау; мектепке дейінгі және мектептегі тәрбие жүйесіндегі валеологияның негізін зерттеу ;

осы бағдарламаны жүзеге асыруда жергілікті басқару органдарымен, мемлекеттік және мемлекеттік емес мекемелермен, халықаралық ұйымдармен нақты мәселелерді шешуде арақатынаста болу ;

ана мен бала денсаулығын қорғау мәселелерін насихаттау және шешу бағытында қалың жұртшылықты, қоғамдық ұйымдарды, тұрғындарды кеңінен тарту;

ана мен бала денсаулығын қорғауда заңнамадағы нормалардың сақталуын бақылауға алу.

6. Маңғыстау облысында ана мен бала денсаулығын қорғаудың 2004-2006 жылдарға арналған аймақтық бағдарламасын жүзеге асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары

	Іс шаралар	Аяқталу нысаны
1	2	3
1. Ана мен баланы қорғау бойынша ұйымдастыру-құқықтық іс-шаралары		
1.1	АХАТ- пен бірлесе отырып, әйелдер мен балалардың туу және өлу жағдайларын тіркеуден өткізуді қамтамасыз ету.	ОДСБ мен ОҮД бірлескен бұйрығы
1.2	Емдеу-сауықтыру мекемелерінің қызметін үйлестіру үшін, компьютерлік байланыстың қазіргі таңдағы әдістерін енгізу.	ҚР ДСМ ақпарат

2. Ана мен баланы тамақтандыру

2.1	Нәрестелерді, атап айтқанда жергілікті жерден әлеуметтік көмек алуға құқығы бар отбасыларының балалары үшін, облыста сатылы түрде балалардың сүт кухнясын ашу және диспансерлік есепте тұратын балаларды емдік тағамдармен қамтамасыз ету. А қ т а у қ а л а с ы Қалада сүт кухнясының құрылысын жобалау және салу. Ж С Қ Қ ұ р ы л ы с Жабдықтар сатып алу, қызметкерлер ұстау Т ү п қ а р а ғ а н а у д а н ы Сүт кухнясының ғимаратын күрделі жөндеуден өткізу Қызметкерлерді ұстау, жабдықтар сатып алу Қ а р а қ и я а у д а н ы Сүт кухнясының ғимаратын күрделі жөндеуден өткізу Қызметкерлерді ұстау, жабдықтар сатып алу Маңғыстау ауданы Сүт кухнясының ғимаратын күрделі жөндеуден өткізу. Ш ы ғ ы н дар сметасы Қ ы з м е т к е р л е р д і ұ с т а у жабдықтар сатып алу.	ЖСҚ ЖСҚ ЖСҚ Ш ы ғ ы н дар сметасы
2.2	Облыстың шағын заводтарында балалардың және емдік тағамдарды өндіруді кеңейту.	ОДСБ акпарат
2.3	Емшекпен емізу бағдарламасының орындалуын қамтамасыз ету: негізінен емшекпен емізудің әдістері бойынша ата-аналар мен орта медициналық қызметкерлердің бастапқы буыны үшін жасақталған бағдарламасымен пункттер ашу, сонымен қатар 1) Ақтау қаласы- облыстық перинаталдық орталық 2) Жаңаөзен қаласы- қалалық перзентхана, балалар ауруханасы және АДА. 3) Аудандар- емханалар мен АДА. Біліктілікті жетілдіру факультеттерінің базасында облыстық перинаталдық орталықтың , перзентхана үйлерінің және бөлімшелерінің ,бастапқы медициналық-санитарлық көмектің дәрігерлерін дайындау.	ОДСБ бұйрығы
2.4	Мектеп оқушыларын, әсіресе төменгі класс оқушыларын ыстық тамақпен қамтамасыз ету.	Облыс әкімінің қаулысы

3. Экология және әйелдер мен балалардың денсаулығы

3.1.	Облыс тұрғындарының денсаулығына, соның ішінде әйелдер мен балаларға экологиялық ортаның әсері туралы кеңінен насихат жұмысын жүргізу.	ОДСБ бұйрығы
3.2.	Аймақтағы тұрғындардың денсаулығына экологиялық факторлардың әсері жөнінде арнайы зерттеулер жүргізу.	ОДСБ бұйрығы

4. Балалар мен әйелдердің денсаулығын қорғау бойынша сауықтыру жұмысы

4.1.	Әйелдер мен балаларға сауықтыру байқауының скринингтік регистрін сатылап е н г і з у /ҚР ДСМ құқықтық-нормативтік құжаттарының талаптарына сәйкес сауықтыру байқауларын өткізу/	ОДСБ бұйрығы
4.2.	Өте жиі кездесетін тұқым қуалайтын және туа біткен ауруларды анықтауда скрининг диагностикасын енгізу /фенилкетонурии, гипотиреоз және басқа/ ол үшін: 1. Облыстық перинаталдық орталықта медициналық-генетикалық кеңес беру к а б и н е т і н а ш у . 2. Бірыңғай мәліметтер банкін құру. 3. Қосымшаға сәйкес медициналық жабдықтар сатып алу.	НҚА, ОДСБ бұйрығы
4.3.		ОДСБ бұйрығы

	Облыстық балалар ауруханасының жанынан перинаталдық орталықтың мамандарын тарта отырып, автокөлік бөлу арқылы балалардың және әйелдердің көшпелі штаттық дәрігерлік бригадасын ұйымдастыру.	
4.4.	Жүкті әйелдердің вирустық жұқпаларын, ұрық дамуының туа біткен ауытқуын, жыныстық жолмен берілетін жұқпаларды анықтау үшін толық, уақытылы, тегін тексерілуін қамтамасыз ету.	ҚР ДСМ, ОДСБ бұйрығы
4.5.	Бала жастағы ауруларды ықпалдастықпен жүргізу стратегиясын сатылап енгізу / БЖАЫЖ/.	Н Қ А , ОДСБ бұйрығы
4.6.	Мамандарды дайындау, оқыту семинарларын өткізу жолымен, сауықтыру жұмыстарын, уақытылы диагностиканы жақсарту арқылы сүт безі обырының ұлттық скринингін енгізу. Осы мақсатта медициналық жабдықтар сатып алу /кольпоскоптар, маммографтар/.	ОДСБ бұйрығы
4.7.	Мектеп жасындағы балалардың тіс, лор патологиясы ауруларының алдын-алу , сауықтыру жұмыстарын күшейту мақсатында ірі мектептерде тіс дәрігерінің кабинеттерін ашу, сонымен қатар: Ақтау қаласында - 10 мектеп Жаңаөзен қаласы - 6 мектеп Маңғыстау ауданы - 3 мектеп Түпқараған ауданы - 1 мектеп Қаракия ауданы - 2 мектеп Бейнеу ауданы - 2 мектеп Облыстық стоматологиялық емханада гигиена кабинетін ұйымдастыру және ашу	ҚР ДСМ ақпарат Шығыс сметасы, ОДСБ бұйрығы
4.8.	Облыстық емдеу-сауықтыру мекемелерінің көрсеткіштері және мекенжайы бойынша экстражыныстық аурулармен зардап шегетін жасөспірім қыздарға амбулаториялық және стационарлық сауықтыруды қамтамасыз ету	ҚР ДСМ ақпарат
4.9.	Жатырдағы ұрықтың туа біткен кемістігін анықтау мақсатында 22 аптаға дейін жүкті әйелдерді 100 пайыз УЗИ скринингпен қамтамасыз ету /гидроцефалия, анэнцефалия, көптеген кемістіктер/ және жүктілікті уақытында үзу.	ҚР ДСМ ақпарат
4.10.	Анемияны емдеудің және сауықтырудың жасақталған схемасына сәйкес жүкті әйелдерге және 15 жасқа дейінгі балаларға арналған анемияға қарсы аймақтық бағдарламасының орындалуын қамтамасыз ету.	ОДСБ, ҚР ДСМ ақпарат
4.11.	Мектеп жасындағы балалар мен жүкті әйелдердің арасында құрамында йоды бар препараттарды енгізу арқылы йод жетіспеушілік жағдайларын сауықтыру бағдарламасын енгізу: 2004ж.- 6560 жүкті әйелдер және 20000 балалар 2005-6800 жүкті әйелдер және 30000 балалар 2006-7200 жүкті әйелдер және 40000 балалар	ОДСБ бұйрығы
4.12.	Жоғары қатер тобына жататын жүкті жүкті әйелдерді тексеру, емдеу, босану мақсатында Алматы және Астана қалаларына АмБҚ Р±ЗО уақытылы жолдауды қамтамасыз ету.	ҚР ДСМ ақпарат
4.13.	Отбасын жоспарлау, бала тууды ынталандыру, дені сау ана және әке, ерте жастағы балаларды күту мәселелері бойынша санитарлық-насихат жұмыстарын күшейту.	ҚР ДСМ ақпарат

5. Балалар мен әйелдерге медициналық көмек көрсетуді жетілдіру

5.1.		ҚР ДСМ ақпарат
------	--	----------------

	Медициналық мекемелердің материалдық- техникалық базасын нығайту, кадрларды оқыту, медициналық аппаратурамен және құрал- жабдықтармен жарақтандыру арқылы балаларға, жүкті, босанатын және босанған әйелдерге стационарлық медициналық көмек көрсетудің сапасын сатылап жақсарту: 1 . Ж С Қ Медициналық жабдықтармен және қатты мүкәммалмен қамтамасыз ете отырып, облыстық балалар ауруханасына 100 кереуетке қосымша құрылыс жүргізу, сонымен қ а т а р : -Қосымша 20 хирургиялық балалар кереуетін ашу /іріңді хирургия, офтальмология, оториноларингология / ; -Травматологиялық пунктті,лабораторияны кеңейту; -Облыстық кеңестік балалар емханасын ашу; 2 . Ж С Қ Жаңаөзен қалалық перзентхананың ғимаратына гинекологиялық аурулар үшін 40 кереуеттік қосымша құрылыс салу.	Ж С Қ Смета шығындары ЖСҚ, шығыс сметасы
5.2.	Облыстық балалар ауруханасында неврологиялық балалар бөлімшесін ашу.	ОДСБ бұйрығы
5.3.	Облыстық балалар ауруханасына, облыстық перинаталдық орталыққа, облыстық жұпалы ауруханаға, Жаңаөзен перзентханасына, Ақтау қалалық емханасына қазіргі таңдағы медициналық аппаратуралар сатып алу арқылы облыстық балалар ауруханасын және медициналық мекемелердің босану бөлімдерін аудандық, қалалық медициналық мекемелердің бағыныстағы бөлімшелерін жетілдіру.	Есеп, шығыс сметалары
5.4.	Қалалық балалар ауруханасында сурдологиялық кабинеттер ұйымдастыру.	ОДСБ бұйрығы
5.5.	Аудандық ауруханалардың балалар бөлімшелерін электроотсостармен, балалар инкубаторларымен, электрондық таразымен қамтамасыз ету.	ОДСБ есебі
5.6.	Бүкіл дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының "Аурухана балаларға достық қатынаспен", "Денсаулықты нығайтуға мүмкіндік туғызатын ауруханалар" деп аталатын жобаларын енгізу.	ОДСБ бұйрығы

6. Жалпы білім беру мекемелеріндегі балалардың денсаулығын қорғау

6.1	Санитарлық-эпидемиологиялық қызмет органдарымен бірлесе отырып, оқу процесін ұйымдастыру кезінде, санитарлық-гигиеналық талаптардың сақталуына бақылау жасау.	НҚА
6.2.	Мектеп жасындағы және мектеп жасына дейінгі балалардың санитарлық - гигиеналық талаптарға сәйкес келмейтін патологиясын зерттеу. Гигиеналық жағдайларды түзету мақсатында, ҚР ДСМ нормативтік құжаттарына сәйкес ірі мектептерде дәрігердің , әрбір мектепте орта буынды медициналық қызметкердің штаттық бірлігін енгізу.	НҚА, ОДСБ мен ОББ бірлескен бұйрығы
6.3.	Мектеп жасына дейінгі және орта білім беру мекемелерінде балалардың сырқаттануын азайту мақсатында шынығудың табиғи және дене шынықтыру әдістерін енгізу.	ОДСБ және ОББ бірлескен бұйрығы

7. Кадрлар саясаты

7.1.		
------	--	--

	Балалар және босандыру қызметі дәрігерлерінің кәсіптік деңгейін көтеруді қамтамасыз ету.	
7.2.	академиясының кураторымен келесі тақырыптар бойынша семинарлар және т е с т і л е р ө т к і з у : "Акушерлік қан кетулер", "Гестоздар", "Экстражынысты аурулар және жүктілік", "Оралымды акушерлік және гинекология", "Босанудың үшінші кезеңіндегі асқынулар", т.б.	ОДСБ бастығы
7.3.	Облыс бойынша жоғары білікті мамандар үшін қызметтік пәтерлер сатып алу немесе жатақханамен қамтамасыз ету.	Обл. әкімінің қаулысы және облыстық мәслихаттың шешімі
8. Жетім балалар мен ата-ананың қамқорлығынсыз қалған балаларды медициналық-санитарлық көмекпен қамту		
8.1.	Балалар үйлері мен мектеп-интернаттардың материалдық-техникалық базасын жақсартып отырып, мүмкіндігі шектеулі балаларды белсенді өмір салтына бейімдеу.	Облыс әкімдігінің қаулысы
8.2.	Асырап алуға мүмкіндіктері бар /сонымен бірге шетелдіктер/ ата-анасының қамқорлығынсыз қалған және жетім балалар жөнінде мәліметтер банкін құру.	НҚА
8.3.	Балалар үйлеріндегі және мектеп- интернаттардағы тәрбиеленушілерді еңбекке психологиялық және тәжірибе жүзінде дайындау, кәсіптік бейімдеу, сауықтыру бағдарламаларын жасақтау және енгізу.	НҚА
8.4.	Бастапқы медициналық-санитарлық көмек деңгейінде ақыл-ойының дамуында ауытқушылық бар сәбиді емдеу және ерте диагностика бойынша скрининг - мониторинг жүргізу.	ОДСБ бұйрығы

9. Әйелдер мен балаларды оңалту және санаторийлық сауықтыру

9.1.	Каспий теңізінің жағасында 6 жасқа дейінгі балалар мен босанғаннан кейінгі және жүкті әйелдерді сауықтыру үшін "Ана мен бала" шипажайын немесе оңалту орталығын салу. - Ж С Қ әзірлеу - құрылыс - медициналық жабдықтармен, қатты және жұмсақ мүкәммалмен жарактандыру	Облыс әкімдігінің қаулысы және облыстық мәслихаттың шешімі ЖСҚ мем. сараптама есеп
9.2.	Ақтау қаласындағы "Шипагер" оңалту орталығына аз қамтылған отбасыларының балаларын, ата-анасының көмегінсіз қалған және жетім балаларды жолдау және сауықтыру.	ОДСБ бұйрығы

кестенің жалғасы

№	Жауапты орындаушылар	Орындау мерзімі	Көзделіп отырған шығыстар, мың теңге			Қаржыландыру көздері
			2004	2005	2006	
1	4	5	6			7
1.1	ОДСБ, ОҮД	Тұрақты				Қаржы шығындарын талап етпейді
1.2.	ОДСБ	2005-2006				Республикалық бюджет

2.1.	О Д С Б Түпқараған ауданының әкімі, денсаулық сақтаудың үйлестірушісі Қ а р а қ и я ауданның әкімі, денсаулық сақтаудың үйлестірушісі	2004- 2005 2005- 2006		10000 150000 1500 834 23000 1300 5000 1300	1 151 1 052 1 052 1 052	Жергілікті бюджет Жергілікті бюджет Жергілікті бюджет Жергілікті бюджет Жергілікті бюджет Жергілікті бюджет
	Маңғыс-тау ауданы-ның әкімі, денсаулық сақтаудың үйлестірушісі	2004- 2005жж. 2005ж		5 000 1 300	1 052	Жергілікті бюджет Жергілікті бюджет
2.2.	Қалалар мен аудандардың әкімдері	2004- 2005				Кәсіпорын қаржысы
2.3.	ОДСБ, облыстың ЕСМ бас дәрігерлері	2004- 2005жж.	243	162		Жергілікті бюджет
2.4.	Қалалар мен аудандардың әкімдері	2004ж.- 2006ж.				Көзделген қаражат шегінде
3.1.	СөСКП ОО ОМСЭҚД	Тұрақты				Көзделген қаражат шегінде
3.2.	ОДСБ	2005- 2006				Халықаралық мекемелер қоры

4.1.	ОДСБ, ЕСМ басшылары	Тұрақты	26000	15 000	15 005	Жергілікті бюджет
4.2.	ОДСБ, ОПО бас дәрігері	2 0 0 4 - 2005ж2004- 2005ж 2005ж	290	290		Жергілікті бюджет Көзделген қаражат шегінде Көзделген қаражат шегінде
4.3.	ОДСБ, ОБА және ОПО бас дәрігерлері	2005-2006жж.	5 000	4 800	2 874	Жергілікті бюджет
4.4.	ОДСБ, БМСК басшылары	Тұрақты				Көзделген қаражат шегінде
4.5.	ОДСБ, қалалар мен аудандардың әкімдері	Тұрақты 2004-2006жж.				Халықаралық мекемелердің және БДҰ бағдарламасы бойынша донор елдерінің қаражаты
4.6.	ОДСБ, ЕСМ басшылары Облыстың ЕСМ басшылары	2 0 0 4 - 2006жТұрақты 2004-2006ж	2 500 31000	2 014 28 707	29499	Жергілікті бюджет Жергілікті Бюджет
4.7.	ОДСБ, ОСЕ бас дәрігері	2005ж				

						Көзделген қаражат шегінде
4.8.	БМСК және ОПО басшылары	2004-2006 жж.				Көзделген қаражат шегінде
4.9.	БМСК басшылары және ОПО басшылары	2004-2005 жж.				Көзделген қаражат шегінде
4.10.	ЕСМ басшылары	2004-2006 жж.				Көзделген қаражат шегінде
4.11.	ОДСБ және облыстық ЕСМ бас дәрігерлері	2004-2006	9 000	13 000	17 955	Жергілікті бюджет
4.12.	ОДСБ	2004-2006ж				Көзделген қаражат шегінде
4.13.	ОДСБ, СөСПҚ ОО	2004-2006ж				Көзделген қаражат шегінде

5.1.	ОДСБ Облыс әкімі,ОДСБ	2004 - 2006ж2005- 2006ж		35 000 200000 6543 1442 10000 100000	150000 6543 1441 81000	Көзделген қаражат шегінде Жергілікті бюджет Жергілікті бюджет Жергілікті бюджет Жергілікті бюджет Жергілікті бюджет Жергілікті бюджет
5.2.	ОДСБ	2004ж				Көзделген қаражат шегінде
5.3.	Облыс әкімі,ОДСБ	2005-2006ж		104873	104 872	Жергілікті бюджет
5.4.	ОДСБ, Ақтау және Жанаөзен қалаларының балалар ауруханаларының бас дәрігерлері	2005-2006ж				Көзделген қаражат шегінде
5.5.	ОДСБ, ОАА бас дәрігерлері	2005-2006ж		5 000	5 000	Жергілікті бюджет
5.6.	ОДСБ, ЕСМ бас дәрігерлері	2005ж				Көзделген қаражат шегінде

6.1	ОДСБ, ОМСЭКД	2004- 2005жж .				Мемлекеттік органдарды стауға көзделген қаражаты шегінде
6.2.	ОУО ОМСЭКД	2004ж. 2005ж.				Көзделген қаражат шегінде
6.3.	Қалалар мен аудандардың әкімдері, ОББ,СӨСҚП ОО	2004- 2005жж .				Қаржы көздерін талап етпейді

--	--	--	--	--	--	--

7.1.	ОДСБ, облыстың басшылары	ЕСМ	2004- 2006жж.				Көзделген қаражат шегінде
7.2.	ОДСБ		2004- 2006ж.	164	163	163	Жергілікті бюджет
7.3.	ОДСБ		2004 -2005ж.				Көзделген қаражат шегінде

8.1.	Қалалар мен аудандардың әкімдері		2004- 2006ж.				Көзделген қаржы шегінде
8.2.	ОДСБ, ОББ		2004ж.-2005ж.				Халықаралық мекемелердің және БДҰ бағ- дарламасы бойынша донорлар елінің қаражаты
8.3.	ОББ, СөСҚП ОО		2004ж.-2005ж.				Көзделген қаражат шегінде
8.4.	Облыстық басшылары	ЕСМ	2004ж.-2005ж.				Көзделген қаражат шегінде

9.1.	Облыс әкімі, ОД	2004-2006 2004-2006 2004-2006		10000	450 000 20 000	Жергілікті бюджет Жергілікті бюджет Жергілікті бюджет
9.2.	ОДСБ	2005-2006				Көзделген қаражат шегінде

74197 729928 888659

БАРЛЫҒЫ : 1 692 784

Қысқарған сөздер :

1. **ОДСБ** - Облыстық денсаулық сақтау басқармасы ОББ-Облыстық білім беру басқармасы
3. **ОМСЭҚД** - Облыстық мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау департаменті
4. **СӨСҚП ОО** - Салауатты өмір салтын қалыптастырудың облыстық орталығы
5. **ОПО** - Облыстық перинаталдық орталық
6. **БМСК** - Бастапқы медициналық-санитарлық көмек
7. **АХАТ** - Азаматтық хал актілерін тіркеу
8. **ОҮД** - Облыстық әділет департаменті
9. **ЖСҚ** - Жобалық сметалық құжат
10. **БДҰ** - Бүкілдүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы
11. **ЕСМ** - Емдеу-сауықтыру мекемелері
12. **НҚА** - Нормативтік құқықтық акт
13. **АмБ Қ Р±30** - Ана мен баланы қорғаудың республикалық ғылыми-зерттеу орталығы

- 14. **БҚММА** - Батыс Қазақстан мемлекеттік медициналық академиясы
- 15. **ОБА** - Облыстық балалар ауруханасы
- 16. **ОЖА** - Облыстық жұқпалы аурухана
- 17. **ОАА** - Орталық аудандық аурухана
- 18. **ОТҚД** - Облыстық туберкулезге қарсы диспансер

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК